

АҚ “Астана Медицина Университеті”

Презентация

Тақырыбы: Қатынастың кәсіби мәдениеті

Орындаған: Аршабаев С.М.

Қабылдаған: Мұхамеджанова Н. К.

Топ: 216 ЖМ

Астана 2012жыл

АҚ“Астана Медицина Университетті”

Презентация

Тақырыбы: Қатынастың кәсіби мәдениеті

**Орындаған: Үркінбаев Ш.А.
Қабылдаған: Мұхамеджанова Н. К.
Топ: 216 ЖМ**

Астана 2012жыл

Жоспары

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

А. Дәрігердің көшбасшылық қасиеттері, оның кәсіби іс-әрекетіндегі маңызы

Б. Дәрігердің кәсіби мәдениеті, оны қолдану тұстары

С. Өзара қарым-қатынастағы кәсіби мәдениеттің негізгі элементтері

III. Қорытынды

IV. Қолданылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Ондаған жылдар бойы психологтар және т.б көшбасшылық мәселелерді зерттеуші мамандар оған әртүрлі анықтамалар беруге тырысты: топтық процестердің шоғырлануы, адамның даралығы, мінез-құлық моделі, уағыздау формасы, басым қатынастар. Медициналық тәжірибеде қолдану үшін, көшбасшы туралы Қақтың берген анықтамасы сай келеді: “Біздің ойымызша көшбасшылықтың мәні мекемеде қабылданған ережелерді механикалық қолданғаннан гөрі, ықпал ету факторының басымдылығы”

Бұл анықтама көшбасшылыққа байланысты айтылған идеялардың бәрін қамтиды. Көшбасшылар адамдарды артық істер жасауға ұмтылдырады, бұл ұмтылыс медициналық ұжым үшін де, пациенттер үшін де маңызды болып табылады. Егер іс-әрекет мақсатты сақтауға бағытталған болса, онда қызметкерлердің еңбек көрсеткіштеріне әсер етуі, егер іс-әрекет адамдарға бағытталған болса, онда ол қол астындағылардың жұмысқа деген қанағаттануына бағытталады. Ең тиімдісі мінез-құлықты көрсеткіштің маңыздылығында, мақсаттың қанағаттандырылуына байланысты өзгертіп тұру болып табылады.

Дәрігердің кәсіби мәдениеті, оны қолдану тұстары

Бірқатар авторлар көшбасшы мен басшы ұғымдарын ажыратады. Кейбір зерттеушілердің пікірінше бұл ұғымдар арасындағы айырмашылық бір жағдайда ықпал етуге, ал келесі жағдайда қйымдастырушылық мақсаттарына жетуге екпін түсіруден көрінеді. Мінез ұстаныдарына сәйкес тиімді көшбасшыларға, адамдардағы сияқты, оларды басқаларға ұқсатпайтын қасиеттертән. Саяси процестің жетекшілерін зерттеу барысында В.Т.Крыско медициналық сферада қолдануға болатын бірқатар психологиялық ерекшеліктерді атап өтті.

Мақсатқа және адамдарға бағытталу іскерлігі. Дәрігер мамандығының адамға бағытталғандығын ескеру арқылы басшы қызметтегі дәрігерден келесі стратегияларды күтуге болады:

А) Мекеменің еңбек көрсеткіштеріне нұқсан келсе де, гуманистік бағытты сақтау

Б) Қызметкерлердің еңбек еөрсеткіштеріне баса назар аударып, гуманистік бағыттан бас тарту

В) Екі бағытты да қоса сақтауға тырысу

2. Белсенділік және бірізді іс-әрекет.

Аталған белгілер әлеуметтік табандылық, шыдамдылық, батылдық сияқты сипаттардың негізі болып табылады.

3. Өз келбетін және мінез-құлқын қалыптастыру.

Дәрігер өз ұжымының мүшелеріне де, пациенттерге де бағытталуы керек. Ол адамдардың құндылықтарын, демографиялық, әлеуметтік жағдайларынан туындаған әртүрлі талаптарын сезіп отыруы қажет.

4. Адамдардың сенімін тудыра білуі қажет

Аталған қасиет ең маңызды болып табылады. Ешқандай дәрігер қандай қызметте отырмасын, егер оған сенбесе адамдарға әсер ете алмайды. Егер адам көшбасшы болып саналса, ол нақты әлеуметтік топтың мүддесін танытушы болып саналады

5.Биліктің беделін қолдана білу

Дәрігердің беделділігінің маңызды критеріі-көшбасшы тұлғаның үкімділігі емес, медициналық ұжымның жұмысын жолға қоя білу қабілеті, оның өз әріптестерімен құзіреттілігін бөлісе білу.

6.Басқа адамдарды түсіне білу қабілеті

Дәрігердің тағы бір маңызды қасиеті оның маңызды іскерлігі болып табылады.Бұл ерекшелік анық көрініс беретін эмпатияның тұрақты сипат ретінде болуын қажет етеді.

7.Жауапкершілікті өзіне алуға ұмтылу

Ұжымда сынды дұрыс қабылдап,өз жетістіктеріне мастанбай, шыңдалған мінез көрсете білген көшбасшылар,нағыз шынайы беделге ие болады.

8.Беделін көтеруге қабілеттігі

Дәрігер-көшбасшының жауапкершілігінің негізінде мотивация жатады. Мотивтердің мәні әлеуметтік парыздың, маңыздылығына байланысты болады

9. Саяси ойлау

Дәрігер ойлауы оған әлеуметтік ұстанымын сомдауға, өз мінез-құлқының формасын мен мазмұнын анықтауға көмектеседі. Саяси ойлаудың келесі белгілерін бөліп көрсетуге болады:

1) Саяси көріпкелділік (қабылданатын шешім мен жасалатын іс-әрекеттің алдағы болашағын көре білу)

2) Саяси ауқымдылықты әрекетті

3) Икемділік (стандартты емес әлеуметтік жағдайларда саяси іс-әрекет бағытын анықтай білу).

4) Қоғам өміріндегі жағдайлар мен сфералар арасындағы байланысты білу.

Дәрігер - науқас қарым – қатынасында дәрігердің кәсіби мәдениеті.

1.Әңгіме барысында жеңілдетілген қарапайым техникалар мен тәсілдер қолдану.Мысалы:дәрігер үйретуші немесе қамқоршы рөлінде,ал науқас орындаушы немесе оқушы ретінде болады.Мұндай жағдайда, дәрігердің «сабыр сақтаңыз», «өзіңізді қолға ұстаңыз», « барлығы жақсы болады»- деген сияқты сөздерді жиі ести аласыз. Мұндай жағдайда дәрігер қиын сәттерді қиын шешуге тырыспай, одан қашуға ұмтылып,науқастың бұл күйіне оның өзін жауапты етуге тырысады.

2. Дәрігер мен науқастың түр ерекшеліктері әртүрлі. Бірақ, науқастың тұлғалық ерекшеліктерінің үсіну үшін, дәрігер науқаспен тиімді коммуникация құруы тиіс.

3. Коммуникацияның түрлі тәсілдері, білім мен дағдыларды қолдана алмау. Кей кездері бар білімдер мен іскерліктерді немесе қарапайым коммуникация тәсілдерін орынды пайдалана алмау жағдайы жиі кездесіп жатады. Сондықтан дәрігерлердің тәжірибесі мол болуы шарт.

4. Науқастар әдетте, өздерінің диагнозын білгісі келеді, бірақ оған кейде аса мән бере қоймауы мүмкін. Ал, кейде науқастар диагнозын білгісі де келмейді.

Сондықтан дәрігер жағдайға орай науқастың мінез-құлқына қарай әрекет ете алады: « біз мұны кейінірек талқылайтын боламыз » деп, оның өзінің шешім қабылдауына мүмкіндік беруіне болады.

5. Тәуекел қажеттілігін түсінбеу немесе оны дұрыс бағаламау. Дәрігердің ұсынған кеңестері немесе әрекеттері, басқа қауіпті шешімдерден гөрі тәуекелі неғұрлым аз шешім қабылдауына байланысты. Дәрігердің кей сәттерде ең дұрыс әрекеті – бұл тәуекел мен қауіп деңгейін өлшеп, сндық баға беру болып табылады. Науқастарға мұндайда жағдайды толық түсіндіріп, өзіңіздің қалай әрекет ететініңізді айтып, бірақ шешімді науқастың өзіне қабылдатқаныңыз дұрыс. « Егер, сіздің орныңызда болсам » деген ұстаным, әсіресе қарт ата- анасының орнына шешім қабылдағалы тұрған адамдарға қолдау ретінде өте пайдалы.

Дәрігердің кәсіби мәдениетінің қарым-қатынасында қандай қасиеттері кедергісін тигізуі мүмкін.

Дәрігер мен науқастың арасындағы сенімді қарым-қатынасты қиындататын дәрігердің психологиялық бір қасиеті – ол, оның интроверттілігі (тұйықтығы).

Интроверттілік – бұл психологияға К.Юнг енгізген термин болып табылады. Интроверттілік дегеніміз, адамның өз - өзіне, өз күйзелістері мен ойларына, сезімдеріне бағытталуы болып табылады. Интроверт өз идеалына, сезімдеріне, өз құндылығына және өзінің моральды және этикалық нормаларына сүйенеді.

- Интроверт адам өзінің психологиялық әлемінде өмір сүріп, өзінің сезімдері мен идеяларына бағытталады және басқа адамдарға аса қызықпайды, қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынасқа түсуде біршама қиналады.

- Интроверттілік, әдетте, тұлға аралық қатынасқа түсуде сезімталдылықтың интуицияның төмендігімен, басқалардың күйзелістерімен қайғылырына көмек беруге ұмтылысының жетіспейтіндігімен сипатталады.

-Интроверттілік тиімді коммуникацияға кедергісін келтіріп, дәрігердің коммуникативтік біліктілігін төмендетеді.

-Интроверттілік науқаспен психологиялық жағымды контакт орнатуға, эмоционалды қолдау көрсетуге кедергісін келтіреді.

Өзара қарым-қатынастағы кәсіби мәдениетің негізгі элементтері

- Дәрігер өмір бойы өзін емдеу өнеріне үйреткен адамдарды сыйлап және пір тұтып өтуі.
- Дәрігер медициналық қауымдастықтың намысын қорғап, жақсы дәстүрлерін сақтауы тиіс.
- Дәрігерлер бір-біріне сыйластықпен, құрметпен қарауы керек.
- Дәрігерлер басқа дәрігердің кәсіби квалификациясына көпшілік алдында немесе басқаша іс-әрекеттермен күман тудырмауы қажет. Әріптестің атына айтылған ескерту дәлелді, қорламайтын, медициналық қауымдастыққа немесе этикалық комитеттің мәжілісіне дейін жеке әңгіме барысында айтылуы жөн.
- Медициналық қауымдастық деңгейінде кәсіби репутациясын қалпына келтіруге жәрдемдесуі керек.

- Күрделі клиникалық жағдайларда тәжірибелі дәрігерлер тәжірибесі аз жас әріптестеріне кеңес беріп, көмек көрсетуі қажет. Бірақ әрине емдеу процесі үшін толық жауапкершілікті дәрігер алады. Ол әріптестерінің кеңесін басшылыққа алу немесе бас тартуды науқас пайдасы үшін өзі шешеді.
- Ғылыми және емдеу мекемелерінің дәрігер – басшылары өздерінің қол астындағы әріптестерінің кәсіби квалификациясын көтеріп отыруына жағдай жасауға міндетті.
- Дәрігер мекеменің басқа медициналық және көмекші персоналына құрметпен қарауыға және олардың біліктіліктерін көтеруге жағдай туғызуға міндетті.

Қорытынды

Тәуекел қажеттілігін түсінбеу немесе оны дұрыс бағаламау. Дәрігердің ұсынған кеңестері немесе әрекеттері, басқа қауіпті шешімдерден гөрі тәуекелі неғұрлым аз шешім қабылдауына байланысты. Дәрігердің кей сәттерде ең дұрыс әрекеті – бұл тәуекел мен қауіп деңгейін өлшеп, сандық баға беру болып табылады. Науқастарға мұндайда жағдайды толық түсіндіріп, өзіңіздің қалай әрекет ететініңізді айтып, бірақ шешімді науқастың өзіне қабылдатқаныңыз дұрыс. « Егер, сіздің орныңызда болсам » деген ұстаным, әсіресе қарт ата- анасының орнына шешім қабылдағалы тұрған адамдарға қолдау ретінде өте пайдалы. Дәрігерлер басқа дәрігердің кәсіби квалификациясына көпшілік алдында немесе басқаша іс-әрекеттермен күман тудырмауы қажет. Әріптестің атына айтылған ескерту дәлелді, қорламайтын, медициналық қауымдастыққа немесе этикалық комитеттің мәжілісіне дейін жеке әңгіме барысында айтылуы жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Асимов М.А, Нұрмағамбетова С.А, Игнатьева Ю.В
«Коммуникативті дағдылар»
- 2.Гришина Н.В «Психология конфликта»
- 3.Фопель К. «Барьеры, блоки и кризисы в групповой работе»
4. Интернет сайттары